

ҚОСШЫДАҒЫ ЖАҢА ЕМХАНА ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Қосшы қаласында бір ауысымда мың адамды қабылдауға арналған емхананың құрылысы аяқталып, арнайы ашылу салтанаты өтті.

Айта кетсек, медициналық нысанның құрылысы мемлекет басшысының былтырғы тамыз айында Қосшы қаласына жасаған жұмыс сапарында бастау алған болатын. Емдеу мекемесіне Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, медициналық қауымдастық өкілдері мен қала басшылығы барды.

Жобаның жалпы құны – шамамен 30 млрд теңге, инвесторы – VIAMEDIS KOSSHY ЖШС. Бұл ретте жобаға мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінген жоқ. Ол компанияның жеке қаражаты есебінен толықтай іске асырылып отыр.

Емхана алғашқы медициналық-санитарлық, шұғыл, жоспарлы, мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге арналған заманауи жоғары технологиялық жабдықтармен қамтылған. Енді мекеме Қосшы қаласының 100 мыңнан аса тұрғынына қызмет көрсетеді.

– Жаңа емхананың ашылуы Астана агломерациясындағы медициналық қызмет көрсету мәселесін шешіп, Көкшетау мен Астана қалаларындағы облыстық ауруханаларға түсетін жүктемені азайтады. Мұнда Қосшы тұрғындарына сапалы әрі білікті медициналық көмек алуы үшін ең заманауи жабдықтар сатып алынды. Соңғы 4 жылда қала қарқынды дамып келеді. Бас жоспар бекітілді. Көгілдір отын жүргізілді. Әлеуметтік нысандар салынып жатыр. Медициналық мекеменің ашылуы – Қосшының дамуының жаңа кезеңі, – деді өңір басшысы.

Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Қосшы тұрғындарын қала өміріндегі маңызды оқиғамен құттықтап, емхана ұжымына сәттілік тіледі.

– Қалада медициналық мекеме құрылысына жеке инвестиция тарту бойынша осындай ірі жоба алғаш рет іске асырылып отыр. Мемлекет мұндай бастамаларды қолдайды. Қазір медицина қызметкерлері мен халық үшін заңнамалық деңгейде жағдай жасалып жатыр, – деді министр.



Қолда бар мәліметке қарағанда, жыл соңына дейін 350 төсек-орынға арналған стационардың құрылысы аяқталады деп жоспарланған. Оның ішінде Қосшы қаласы мен Ақмола облысының Шортанды, Ерейментау, Егіндікөл, Аршалы, Қорғалжын, Целиноград және Астрахан аудандарының тұрғындарына арналған 50 реабилитациялық төсек қарастырылған. Жалпы, емхана мен стационарда 700-ден аса тұрақты жұмыс орны ашылады. Сондай-ақ инвестор медициналық қызметкерлерге арналған пансионат пен тұрғын үй салуды жоспарлап отыр.

«Еңбек ері» атағының иегері, жоғары санатты нейрохирург-дәрігер, медицина ғылымдарының докторы Серік Ақшолоқовтың айтуынша, емхана халықаралық талапқа сай салынған.

– Біз құрылыс басталған сәттен бастап реанимациялық және реабилитациялық бөлімшелерге қажетті жабдықтар бойынша өз ұсыныстарымызды бердік. Бұл жобаның болашағы зор, – деді ол.

Осы орайда айта кетер бір жайт, соңғы екі жылда Ақмола облысында 38 медициналық нысан салынған. Бұл ауылдық елді мекендердің 75 мыңнан аса тұрғынына медициналық көмек алуға мүмкіндік туғызды. Ірі жобалардың бірі – Біржан сал ауданында салынған көпсалалы ауданаралық аурухана. Сонымен қатар Атбасар аудандық ауруханасының негізгі корпусына күрделі жөндеу жасалды. Көкшетау қаласында 630 төсек-орынға арналған көпсалалы аурухананың құрылысы жүргізіліп, облыстық балалар ауруханасының 6 қабатты корпусы жөнделіп жатыр. Ал «Болашақ»

оңалту орталығының күрделі жөндеуі аяқталды.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың айтуынша, алдағы уақытта бұл жерде емхана, ауруханадан бөлек, пансионат салынады. Осы емдеу-сауықтыру орны салынғаннан кейін облыстың жер-жерінен ем алуға келген адамдармен бірге жүрген жандардың да сол пансионатта демалып, емделуіне толық мүмкіндік болады. Осы жазда 100 пәтерлік үйдің де құрылысы басталады.

– Сапалы, жақсы үй болады. Бұл – мамандарды тарту үшін үлкен дәрежедегі, жоғары деңгейдегі білімді мамандарды тарту мақсатында қолға алынған жоба. Сол мамандар осы баспанамен қамтылады. Нәтижесінде пансионаты, емханасы, ауруханасы және жедел жәрдемі бар тұтас жабық кешен болады, – деді облыс әкімі.

Қалада Tumo Classroom кампусы ашылады

Ақмола облысында президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, ауыл шаруашылығы мен қоғамдық қауіпсіздік жүйесіне IT технологиялары енгізіліп жатыр. Бұл туралы Үкімет отырысында өңір әкімі Марат Ахметжанов айтты.



Бүгінде облыста цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында өңірлік IT-хабты дамыту мәселесі қолға алынып, ол технологиялық өсімінің негізгі қозғаушы күшіне айнала бастаған. Биыл өңірде Tumo Center креативті технологиялар орталығы, Ақкөл, Қосшы мен Жақсы қалаларында

жастардың тәжірибелік сабақтар өтуіне арналған үш Tumo Classroom кампусы ашылады. Сонымен бірге Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің базасында Tumotow инновациялық мектебін ашу жөніндегі меморандумға қол қойылды. Облыс әкімінің айтуынша, өңірде аграрлық сек-

тордың тиімділігін арттыру мақсатында «ақылды АӨК» моделі енгізіліп отыр. Жасанды интеллект жердің мақсатты пайдаланылуын бағалауда қолданылып, мемлекеттік қолдау шараларын «бір терезе» қағидаты бойынша ашық әрі жедел алуға мүмкіндік беріп, саланың табыстылығын арттырады.

– Тағы бір басым бағыт – елді мекендердегі қауіпсіздікті күшейту. Ішкі істер министрлігі мен жеке инвесторлармен бірлесіп, Қосшы қаласында бейнебақылау жүйесін кеңейту жобасы жүзеге асырылды. Қолданыстағы 500 камераға қосымша 1 мың жаңа камера орнатылып, олар заманауи жедел басқару орталығына біріктірілді. Жүйе қоғамдық тәртіпті бақылаумен қатар, автоматты режимде коммуналдық мәселелерді, қаңғыбас жануарлардың бар-жоғын және жол жамылғысының жағдайын анықтайды.

Бірыңғай дрондар инфрақұрылымы арқылы ауыл шаруашылығы алқаптары мен орман массивтеріне мониторинг жүргізіліп, заңсыз қоқыс орындары мен өрт ошақтарын жедел анықтауға мүмкіндік беріліп отыр.

2030 жылға дейінгі цифрландыру стратегиясы бекітілді. Жүргізілген жұмыстың негізгі нәтижесінде Digital Aqmola бірыңғай экосистемісін қалыптастыру болды. Оған платформаның өзі, жағдайлық орталық, бірыңғай байланыс орталығы, стартаптарды сүйемелдеу және қолдау жүйелері кіреді. Сонымен қатар экономиканың барлық саласына жасанды интеллектті енгізу жұмыстары қатар жүргізіліп жатыр.

– Біз жасанды интеллектінің нақты экономикалық пайда әкелуіне, азаматтардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға басымдық беріп отырмыз, – деді Марат Ахметжанов Үкімет отырысында.

Мәдени-рухани даму үдерісі таныстырылды

Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Айнагүл Көңбайқызы Ақмола облысы мәдениет басқармасының алқа отырысына қатысып, қаланың мәдениет және руханият саласындағы атқарылған жұмыстары мен алдағы жоспарлары туралы баяндама жасады.

Алқа ұжымында өткен кездесуде Айнагүл Көңбайқызы бытыр Қосшы қаласында жүзеге асқан мәдени-рухани іс-шаралардың негізгі нәтижелеріне тоқталды. Оның айтуынша, есепті кезеңде қала тұрғындарының мәдени өмірге белсенді қатысуына, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және рухани тәрбиеге бағытталған кешенді жобалар жүйелі түрде іске асырылған. Мерекелік күндер мен атаулы дата-ларға арналған мәдени-көпшілік шаралар, шығармашылық ұжымдардың концерттік бағдарламалары, көрмелер мен әдеби-танымдық кездесулер тұрғындар тарапынан жоғары қызығушылық тудырған.

Сонымен қатар мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, тіл саяса-

тын насихаттау бағытында бірқатар маңызды бастама қолға алынған. Тілдерді дамытуға арналған байқаулар, дөңгелек үстелдер мен әдістемелік іс-шаралар өткізіліп, жастар мен мемлекеттік қызметкерлердің тіл мәдениетін арттыруға ерекше көңіл бөлінген. Бұл жұмыстар қаладағы қоғамдық келісім мен мәдени бірегейлікті нығайтуға өз үлесін қосқаны атап өтілді.

Баяндамасында бөлім басшысы спорт саласындағы жетістіктерге де тоқталды. Қалада бұқаралық спортты дамыту мақсатында түрлі жарыстар мен спорттық фестивальдер ұйымдастырылып, саламатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған шаралар жүйелі түрде жүргізілген. Нәтижесін-



де спортқа тартылған тұрғындар саны артып, жастар арасында белсенділік күшейген.

Алқа отырысында Айнагүл Көңбайқызы 2026 жылға арналған жоспарлар мен жаңа жобаларды таныстырды. Алдағы кезеңде мәдени инфрақұрылым-

ды дамыту, шығармашылық бастамаларды қолдау, жастардың мәдени және спорттық әлеуетін арттыру басты басымдықтардың бірі болмақ. Сонымен бірге заманауи форматтағы мәдени іс-шараларды енгізу, цифрлық жобалар арқылы мәдени мұраны кеңі-

нен насихаттау жоспарланып отыр.

Кездесу қорытындысында Ақмола облысы мәдениет басқармасының өкілдері Қосшы қаласында атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, алдағы жоспарлардың өңірдің мәдени дамуына серпін беретінін атап өтті.

Сарышұнақ аяздағы жанға жылылық

Қосшы қаласында Халықаралық еріктілер жылы аясында жастардың бастамасымен «Мейірім сыйлайық» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Қоғамда ізгілік, жанашырлық және өзара құрмет құндылықтарын дәріптеуді мақсат еткен бұл игі шара қала тұрғындарының ыстық ықыласына бөленді.



Акция өткен күні ауа райы аса қолайсыз болды. Сынап бағаны -32 градусқа дейін төмендеп, аяз бен ызғар адам төзгісіз күйге жетті. Осындай қатал табиғи жағдайда да коммуналдық қызметкерлер қаланың тазалығы мен тәртібін сақтау үшін тынымсыз еңбек етті. Қыстың қақаған суығына қарамастан, олар көшелерді тазалап, тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы өмір сүруіне өз үлестерін қосты.

Көбіне көзге көріне бермейтін, бірақ күнделікті тіршіліктің тынысын ұстап тұрған осы жандарды нағыз еңбек ерлері деуге әбден болады. Қала тұрғындары жылы үйінде отырған сәтте коммуналдық сала қызметкерлері далада, боран мен аязға қарсы тұрып, өз міндетін адал атқарып жүр. Алайда олардың еңбегі әрдайым лайықты бағалана бермейтіні де жасырын емес.

Осыны ескерген Қосшы жастары коммуналдық қызметкерлерге деген алғысын іс жүзінде білдіруді жөн көрді. Қайырымдылық акциясында жастар еңбек адамдарына ыстық шай мен бауырсақ ұсынып, шынайы ризашылығын жеткізді. Бұл іс қарапайым ғана көрінгенімен, мағынасы терең, жүрекке жылу сыйлайтын ықылас еді.

– Мұндай аязда далада жұмыс істеу

онай емес. Кейде біздің еңбегіміз еленбей қалатындай көрінеді. Ал бүгін жастардың жылы шай ұсынып, алғыс айтқаны ерекше әсер етті. Осындай қамқорлық бізге үлкен күш береді. Жастарға көп рахмет, – дейді коммуналдық қызметкерлердің бірі.

Аталған шара жастардың әлеуметтік жауапкершілігін, үлкенге құрметін және еңбек адамына деген ілтипатын айқын көрсетті. Қайырымдылық тек материалдық көмекпен шектелмей, жылы сөз бен шынайы көңілдің де аса маңызды екенін дәлелдеді.



18-19 қаңтарда Ақмола облысында дәстүрлі шоқыну мерекесіне орай суға түсу рәсімі өтеді. Облыс тұрғындары арнайы жабдықталған мұз ойықтарында құтқарушылар мен медицина қызметкерлерінің қатаң бақылауымен шомыла алады.

Ойыққа шомылу рәсімі Қосшыда ғана өтпейді

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ақмола облыстық төтенше жағдайлар департаменті мен Орыс, славян және казак ұйымдары қауымдастығының өкілдері мәлімдеді.

Ақмола облысы ТЖД төтенше жағдайды жою басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Аслан Нұрқанов суға түсу рәсімі кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау аса маңызды екенін атап өтті.

– Жыл сайын бұл рәсімге шамамен 18 мың адам қатысады. Алайда суға түсу – адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін іс-шара. Сондықтан тек ресми түрде дайындалған және бақылаудағы орындарда ғана шомылу қажет, – деді ол.

Аслан Нұрқановтың айтуынша, облыс аумағында суға түсуге арналған 56 ресми орын белгіленген. Ал Қосшы қаласында биыл шомылу рәсімі жоспарланбаған. Барлық бекітілген нысандарда тәулік бойы 418 қызметкер мен 193 техника кезекшілік атқарады.

Сондай-ақ брифинг барысында қауіпсіздік ережелері де еске салынды. Атап айтқанда алкогольді ішімдік ішпеу, суға түсер алдында денені қыздыру, таймайтын аяқ киім кию, басты суға батырмау, суда бір минуттан артық болмау, балаларды ересектердің



қарауынсыз шомылдырмау қажет. Суға түскеннен кейін бірден жылынып, ыстық сусын ішу ұсынылады. Ал созылмалы ауруы бар азаматтарға шомылудан бас тарту кеңес етіледі.

Ақмола облысы бойынша АРСК филиалының төрағасы Геннадий Осиненко шомылу рәсімін өткізуге байланысты қосымша ұйымдастыру шаралары туралы айтып өтті.

Шомылу орындарында жарықтандыру 18 қаңтарда сағат 21:00-ден бастап қосылады. Ал мұз ойықтары 19 қаңтарда сағат 21:00-ге дейін жұмыс

істейді. Биыл алғаш рет Орыс, славян және казак ұйымдары қауымдастығымен бірлесіп, іс-шара өтетін жерде LED-экран орнатылады. Сонымен қатар әкімдіктің қолдауымен ыстық шай ұсынылатын шағын кафе ұйымдастырылады. Киім ауыстыруға арналған шатырлар қойылып, адамдардың жылынуы үшін автобус кезекшілік етеді, – деді ол.

Ұйымдастырушылар тұрғындарды қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға және суға түсу рәсіміне жауапкершілікпен қарауға шақырады.

LRT желісі: қос қаланың арасын жалғайтын сәт жақын

Астанадағы LRT құрылысының аяқталуын тағатсыздана күтіп жүрген адам қарасы көп. Нерізінен жоба бойынша жұмыс бітуге жақын қалды. Бұл туралы City Transportation Systems (CTS) компаниясы хабарлады.

Компания өкілдері LRT жобасының жоспарға сәйкес уақтылы атқарылып жатқанын мәлімдеді. Қазір станциялардың ішкі әрлеу жұмыстары, депо құрылысы, эстакада астындағы аумақты абаттандыру мен жаяу адам жүретін өткелдерді салу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

CTS мәліметіне қарағанда, биыл LRT желісі толық тексерілгеннен кейін іске қосылады. Жоба аясында 2016 жылы құны 1,8 млрд АҚШ доллары болатын ЕРС-келісімшарты жасалған. Компанияның хабарлауынша, бұл келісімшартқа өзгеріс-

тер енгізілмеген. Бұл сомаға LRT желісін салу, депо тұрғызу, вагондарды құрастырып, Астанаға жеткізу, сондай-ақ қызметкерлерді оқыту сияқты жобаны толық іске қосуға дейінгі барлық жұмыс кіреді.

Сонымен қатар LRT бағыты мен станциялардың саны өзгеріссіз қалған. Жоба бойынша барлығы 18 станция қарастырылған.

– Қазір Астана қаласының әкімдігі LRT жобасын одан әрі дамыту мүмкіндіктерін қарастырып жатыр. Болашақта Қосшы қаласы бағытына, Жағалау ауданына және

қаланың ескі бөлігіне қарай жаңа желілер салу жоспарлануы мүмкін. Алайда қазіргі басым міндет – LRT жобасын толық аяқтап, іске қосу, - делінген хабарламада.

Тағы бір жайт, LRT пайдалануға берілгеннен кейін онымен тәулігіне 25-45 мың адамның қатынауы күтіліп отыр. Ал жобаның толық іске қосылуы қаладағы көлік ағынының орташа тәуліктік жылдамдығын 17%-ға дейін арттыруы мүмкін.

Бірыңғай төлем жүйесін енгізу мәселесі де күн тәртібінде тұр.

«SAP Noble» ЖШС, БСН 190340023690 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 34, үй, 28 пәтер. Тел.: 8 702 793 29 28 ОО «SAP Noble», БИН 190340023690 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Астана, р-н Есиль, ул. Сарайшық, д.34, кв.28 Тел.: 8 702 793 29 28	«QYSH QYMYZ» ЖШС, БСН 240840032675, өз қызметін тарататыны (таратылатыны) туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы, Өнеркәсіп аймағы 3, 150/5 ғимарат. Байланыс телефоны: 8 771 666 07 57 ОО «QYSH QYMYZ», БИН 240840032675 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Мангистауская обл., Мунайлинский р-н, с.Басқудык, Промышленная зона 3, здание 150/5 Тел.: 8 771 666 07 57	«Веб Солюшнс» ЖШС, БСН 240840015055 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Иманжүсіп Құтпанов көшесі, 27 үй, 9 пәтер. Тел.:8 705 423 16 33 ОО «Веб Солюшнс», БИН 240840015055 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, ул.Иманжусипа Кутпанова, д.27, кв.9 Тел.: 8 705 423 16 33	Баярлина Жаныл Мыржыққызының (10.10.1938 ж.т.) қайтыс болуына байланысты, 2025 жылғы 05 тамызда мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Нұрсағатова Гүлшара Смағұлқызына нотариусқа келесі мекенжай бойынша хабарлассын: Астана қаласы, Анатолий Храпатый көшесі, 14-үй. Байланыс телефоны: 8 777 475 95 68 Открыто наследственное дело после смерти Баярлиной Жаныл Мыржиковны (10.10.1938 г.р), умершей 05.08.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Нурсагатовой Гульшаре Смагуловне по адресу: г.Астана, ул.Анатолий Храпатый, д.14 Тел. 8 777 475 95 68
«СпецТехника КСТ» ЖШС, БСН 230840038092 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Аэропорт шағын ауданы, 8 үй, 91 пәтер. Тел.:8 747 859 64 51 ОО «СпецТехника КСТ», БИН 230840038092 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Костанайская обл. г. Костанай, микрорайон Аэропорт, д.8, кв.91 Тел.: 8 747 859 64 51	Компания «А.Р. Технолоджи С.р.л.»-дің Қазақстан Республикасындағы филиалына қатысты жоғалған ереже және ережеге қосымша жарамсыз деп танылсын. БСН: 180341024028 Тел.: 8 778 909 08 36 Утерянное положение и приложение к положению Филиала компании «А.Р.Технолоджи С.р.л. в Республике Казахстан», БИН 180341024028 считать не действительным. Тел.: 8 778 909 08 36	«Оркен Клиникасы» ЖШС, БСН 250140030223 мөрінің жоғалуына байланысты, аталған мөр жарамсыз деп танылсын. Байланыс телефоны: 8 771 254 53 13 Утерянная печать на ОО «Клиника Оркен», БИН 250140030223 считать не действительной.Тел.: 8 771 254 53 13	«Томар строй 2016», ЖШС, БСН 250440008892 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 77/3 үй, 74 пәтер. Тел.:8 702 250 04 54 ОО «Томар строй 2016», БИН 250440008892 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, ул.Шыңғыс Айтматов, д.77/3, кв.74 Тел.: 8 702 250 04 54

ЭТНОСАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ – ЕЛ БІРЛІГІНІҢ БЕРІК ТҰҒЫРЫ

Қазақстан – түрлі этнос өкілдері бейбіт өмір сүріп жатқан, татулықты ту еткен мемлекет. Сол себепті біз ұлтаралық келісімнің қоғамдағы орны мен маңызы туралы Қосшы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің басшысы Майгүл Қарифазықызымен әңгімелескен едік.

– Майгүл ханым, ұлтаралық келісім ұғымын қалай түсіндіресіз?

– Ұлтаралық келісім – алдымен өзара құрмет пен сенім. Әр ұлттың тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүріне сыйластықпен қарау арқылы ғана тұрақты қоғам қалыптасады. Әртүрлі этностың салт-дәстүрі мен тілі қоғам өміріне табиғи түрде еніп, ортақ кеңістікті толықтырады. Мұндай үндестік адамдарды жақындастырып, өзара сенімді арттыра түседі.

– Ал кітапхананың бұл бағыттағы рөлі қандай?

– Кітапхана – ұлтаралық келісімді нығайтуда ерекше маңызға ие рухани әрі мәдени орталық. Мұнда әртүрлі ұлт өкілдерінің тарихы, тілі мен дәстүрі таныстырылып, оқырман арасында өзара құрмет пен түсіністік қалыптасады. Кітапханадағы кездесулер, көрмелер мен пікір алмасу алаңдары адамдарды жақындастырып, ортақ құндылықтарды сезінуге мүмкіндік береді. Әсіресе, жастар үшін кітапхана төзімділікке, бейбітшілікке және достыққа тәрбиелейтін маңызды тәрбие ордасы саналады. Сонымен қатар кітапхана елде өмір сүріп жатқан бұрынғы этностың ортақ тарихы мен тағдырын танытып, қоғамдық

бірліктің нығаюына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, кітапхана ұлтаралық татулықты сақтауда және дамытуда қоғам үшін аса қажет мекеме болып қала береді.

– Жастардың ұлтаралық келісімге көзқарасы қандай?

– Қазіргі жастар өте ашық, білімге құштар. Олар әртүрлі мәдениетке қызығушылық танытады. Ұлтаралық келісімді алдымен өзара сыйластық, тең құқық және мәдени әртүрлілікті қабылдай білу деп түсінеді. Бұл ұғым ұлттар арасындағы тыныштық қана емес, күнделікті қарым-қатынаста бір-бірін құрметтеу, пікірімен санасу, өзгешелікті кемшілік деп емес, құндылық деп қабылдауды білдіреді. Көптеген жастармен пікір алмасу кезінде олардан, тіпті, басқа ұлтқа деген бөтенсінуді көрмедім. Бұған қазіргі жастардың арасында тілдік кедергілердің болмауы да септігін тигізеді. Олар кемінде 3-4 тілді біледі. Бұл да татулықты нығайтуға үлкен мүмкіндік.

– Қазақстандағы этносаралық татулықтың басты ерекшелігі неде?

– Елімізде қалыптасқан этносаралық татулық уақыт сынынан өтіп, ішкі-сыртқы сынақтарға

төтеп беретіндігін көрсетті. Әр этнос өз болмысын сақтай отырып, ортақ Отанға қызмет етеді. Еліміздегі барлық этнос өкілдері – тең және бір елдің азаматы. Бейбітшілік пен келісімді сақтауға барлығы мүдделі болуы керек. Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясын дамытудың 2030 жылға дейінгі «Біріліміз – әралуандықта» тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдамада жалпыұлттық бірлікті, елді ұйыстыруға негізделген бағыттар мен қағидаттар, тәсілдер қарастырылған.

– Ұлтаралық келісімді нығайту үшін не маңызды деп ойлайсыз?

– Білім, мәдениет және жауапкершілік. Әр азамат өзінен бастап, өзгеге құрметпен қараса, қоғамда береке артады. Сонымен қатар ұлттық бірегейлікті нығайту, жастардың бойына адамгершілік құндылықтарын сіңіру, бірлігіміздің негізі болатын құндылықтарды насихаттау, дәріптеу деп есептеймін. Осы аталған істер жүзеге асса, ұлтаралық келісімді нығайтудың үлкен жетістігі болар еді.

– Оқырманға қандай тілек айтар едіңіз?

– Отандастарымызға бірлік, татулық және өзара



сыйластық тілеймін. Сіздерді кітаппен дос болуға, үздіксіз ізденуге, ұлттық және әлемдік әдебиетті терең тануға шақырамын. Кітапхана әрдайым сіздер үшін ашық, ал біз сіздердің рухани дамуларыңызға қызмет етуге дайынбыз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Рүстем ЖҰМАН

Ұлт бірлігі ұрпаққа өнеге етілді

Қосшы қаласындағы ІТ мектеп-лицейде этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған маңызды әрі мазмұнды кездесу өтті. «Этносаралық келісім – тұрақтылық пен бейбіт болашақтың берік негізі» тақырыбында ұйымдастырылған бұл іс-шара қоғамдағы бірлік пен өзара сыйластық құндылықтарын насихаттауды көздеді.

Кездесуге Ақмола облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Ыбырай Қазанғапов, Қосшы қалалық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Саням Қазенова, сондай-ақ ІТ мектеп-лицейінің педагогикалық ұжымы қатысты. Жиында этносаралық келісімнің еліміздің қоғамдық-саяси тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлі, бейбітшілік пен татулықты сақтау жолындағы ортақ жауапкершілік мәселелері кеңінен қозғалды.

Іс-шарада сөз алған Ыбырай Қазанғапов Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі міндеттері мен қызмет бағыттарына тоқталып, этностар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың Қазақстанның

тұрақты дамуы үшін шешуші маңызға ие екенін атап өтті. Оның айтуынша, қоғамдық келісім – әрбір азаматтың, соның ішінде ұстаздардың күнделікті еңбегі мен ұстанымына тікелей байланысты құндылық.

Ал Саням Қазенова Қосшы қаласында этносаралық қарым-қатынасты нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, білім беру ұйымдарының бұл үдерістегі орны ерекше екенін айтты. Ол педагогтердің жас ұрпаққа толеранттылық, өзара құрмет пен азаматтық жауапкершілік сияқты құндылықтарды сіңірудегі рөлін ерекше атап өтті.

Кездесуде қатысушылар этностық келісімді сақтау, мәдени әртүрлілікті

құрметтеу, қоғамдағы бейбітшілік пен бірлікті нығайту жолындағы нақты тәжірибемен бөлісті. Педагогикалық ұжым тарапынан қойылған сұрақтар мен ұсыныстар ашық диалог форматында талқыланып, іс-шараның мазмұнын одан әрі байыта түсті.

Мұндай тағылымды кездесулер педагогтердің кәсіби әрі азаматтық жауапкершілігін арттырып қана қоймай, білім беру үдерісінде жалпыұлттық құндылықтарды жүйелі түрде қалыптастыруға ықпал етеді. Бастысы, бұл бастамалар жас ұрпақтың санасында бейбітшілікке, келісімге және ортақ болашаққа деген берік көзқарас қалыптастыруға негіз болады.

ХАЛЫҚТЫҢ КҮШІ – БІРЛІКТЕ

ҚЫР АСТЫНДА – АҚ ОЛИМПИАДА

Биыл – қысқы Олимпиада жылы. Биыл тағы да сайыпқырандарымыз төрт жылда бір келетін осынау дүрмекті додада бақ сынайды. Бұл байрақты бәсеке 7-16 ақпан аралығында Италияның Милан мен Кортина-д'Ампеццо қалаларында болады.

Ойындардың ресми белгілері – Тина және Мило атты екі ақкіс. Олардың эскизін мектеп оқушылары әзірлеген. Барлығы 1600 дизайн ұсынысы қабылданған.

Италия тарихта төртінші рет Олимпия ойындарын өткізеді. Миланда алғаш рет Олимпиаданың жалауы көтеріледі. Ал Кортина-д'Ампеццода жарыс екінші рет болады. Бұған дейін Олимпиада 1956 жылы өткен.

Биылғы Олимпиадада 16 спорт түрінен 100-ге жуық медаль жиынтығы сарапқа салынады. Бұл спорт түрлеріне биатлон, бобслей, тау шаңғысы, керлинг, конькимен жүгіру спорты, шаңғы жарысы, шаңғы қосайысы, фристайл, трамплиннен секіру, шана спорты, скелетон, ски-альпинизм, сноуборд, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей және шорт-трек кіреді. Олимпия ойындарына алғаш рет ски-альпинизм енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН ҚЫСҚЫ ОЙЫНДАРДА

Жалпы, жазғы, қысқы спорт түрлерінен болсын Олимпия ойындарының орны бөлек. Бұл – 1991 жылы еліміз тәуелсіздігінің таңы аралап атқан кезден бері спортшыларымыздың қатысатын тоғызыншы Олимпиада. Бұған дейін біздің құрама 1994 жылы Норвегияның Лиллехаммер қаласында өткен қысқы ойындарға, одан кейін 1998 жылы Жапонияның Нагано, 2002 жылы АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити, 2006 жылы Италияның Турин, 2010 жылы Канаданың Ванкувер, 2014 жылы Ресейдің Сочи, 2018 жылы Оңтүстік Кореяның Пхенчхан мен 2022 жылы Қытайдың Бейжің қалаларында өткен Олимпия ойындарына қатысты.

2026 жылғы қысқы Олимпия ойындарының басталуына аз уақыт қалды. Осыған орай, еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі қысқы Олимпиадалардағы нәтижелеріне қысқаша тоқталып, шолу жасауды жөн көрдік.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1994 жылы алғаш рет ақ Олимпиадада бақ сынады. Бұл дүбірлі додаға Қазақстаннан 29 спортшы қатысты. Егемендіктің елең-алаңында отызға жуық отандасымыздың көк байрағымызды көтеріп, Скандинавия түбегіндегі жарыста туымызды тігуінің өзі жетістік

еді. Олимпиадада Қазақстан құрамасы спорттың 8 түрінен күш сынасты. Атап айтқанда, биатлон, тау шаңғы спорты, конькимен жүгіру спорты, шаңғы жарысы, шаңғымен тұғырдан секіру, мәнерлеп сырғанау, фристайл және шорт-трек. Бұл сында Қазақстанға алғаш алтын медальді шаңғышы Владимир Смирнов сыйлады. Сонымен бірге ол тағы екі күміс жүлдені жеңіп алды.

Одан кейін араға төрт жыл салып, 1998 жылы Жапонияның Нагано қаласында өткен қысқы ойындарда Қазақстан құрамасы екі есе спортшыны апарып, спорттың 8 түрінен ел намысын қорғады. Бұл жарыста 60 саңлағымыз тау шаңғы спорты, шайбалы хоккей, биатлон, шаңғы жарысы, мәнерлеп сырғанау, фристайл, конькимен жүгіру спорты, шаңғымен тұғырдан секіруден сынға түсті. Жарыста отандастарымыз екі қола жүлдені иеленді.



Конькимен жүгіруші Людмила Прокашева 5 000 метр қашықтықта жүлдегерлер қатарынан көрінсе, шаңғы жарысынан із кесу сайысында Владимир Смирнов үшінші орынға шықты. Осылайша, Қазақстан екі қола жүлдемен жалпыкомандалық есепте 20-орынды иеленді.

Келесі Олимпиада 2002 жылы АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласында жалау көтерді. Бұл додада 50 спортшы жарыстың 7 спорт түрінен өнер көрсетті. Атап айтқанда, тау шаңғы спорты, шаңғымен тұғырдан секіру, шаңғы жа-

рысы, конькимен жүгіру спорты, шайбалы хоккей, фристайл, биатлон. Бірақ, олардың ешқайсысы құрмет тұғырына көтерілмей, елге қайтты.

2006 жылы Италияның Турин қаласында өткен Олимпиадада да отандастарымыз жүлде алған жоқ. Аппенин түбегіне 55 спортшы барған болатын. Олар спорттың 7 түрінен атап айтқанда, биатлон, тау шаңғы спорты, конькимен жүгіру спорты, шаңғы жарысы, шаңғымен тұғырдан секіру, фристайл мен шайбалы хоккейден күш сынасты.

2010 жылы Ванкуверде жалауы көтерілген Олимпия ойындарында Қазақстан 8 жылдан кейін бір күміс медаль алды. Әйелдер арасындағы 15 шақырымдық жекелей жарыста биатлоншы Елена Хрусталева Олимпиада жүлдегері атанды. Осы Олимпиадада 37 отандасымыз спорттың 8 спорт түрінен (биатлон, тау шаңғы спорты, коньки-



қорытындысы бойынша мәнерлеп сырғанаушы Денис Тен қола медальді жеңіп алды. Осы нәтижемен Қазақстан жалпыкомандалық есепте 26-орынға орналасты.

2018 жылы Пхенчханда (Оңтүстік Корея) өткен қысқы Олимпия ойындарына 46 спортшы қатысты. Отандастарымыз спорттың 9 түрінен сынға түсті. Спортшылар биатлон, тау шаңғы спорты, конькимен жүгіру спорты, шаңғы жарысы, шаңғымен тұғырдан секіру, шана спорты, мәнерлеп сырғанау, фристайл, шорт-тректен күш сынасып, бір медальді қанағат тұтты. Бұл жарыста Юлия Галышева фристайл-могулдан қола медаль алып, Қазақстан жалпыкомандалық есепте 28-ші орынға орналасты.

Соңғы қысқы Олимпиада ойындары 2022 жылы Қытайдың Бейжің қаласында болды. Бұл додаға 34 спортшы қатысты. Олар 8 спорт түрінен (шаңғы жарысы, конькимен жүгіру спорты, биатлон, шорт-трек, шаңғымен тұғырдан секіру, тау шаңғы спорты, шаңғы қосайысы, фристайл) жарысты. Алайда, ешкім медальға алған жоқ.

Енді биылғы Олимпиадаға отандастарымыз бірнеше спорт түрінен жолдама алып үлгерді. Қазақстан құрамасының спортшылары мәнерлеп сырғанау, шорт-трек және конькимен жүгіру спортынан іріктеу кезеңінен өтті.

Шаңғымен тұғырдан секіру жарыстары Валь-ди-Фьемме аймағында орналасқан Predazzo Olympic Ski Jumping Stadium трамплин кешенінде болады. Бұл жер Олимпиада талаптарына сәйкес толық жаңартылып, халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізуге бейімделген. Кешен 1989 жылы пайдалануға беріліген. Онда 1990 жылы алғаш рет әлем чемпионатының жалауы көтерілген.

ДҮРМЕКТІ ДОДАҒА ДАЙЫНДЫҚ

Қазір Туризм және спорт министрлігі ұлттық команданы XXV қысқы Олимпиадаға дайындаудың кешенді жоспарын әзірледі. Қолда бар мәліметке қарағанда, Олимпиадаға ел құрамасынан шамамен 35 спортшы барады. Спортшылар қысқы Олимпиаданың 10 дисциплинасы бойынша бақ сынауды жоспарлап отыр. Олардың қатарында биатлон, конькимен жүгіру спорты, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, шаңғы жарысы, шаңғымен трамплиннен секіру, шаңғы қосайысы, тау шаңғысы спорты, фристайл-могул және фристайл-акробатика бар.

– Қазіргі кезде Софья Самоделкина мен Михаил Шайдоровтың мәнерлеп сырғанаудан екі жеке ресми Олимпиада лицензиялары бар. Сонымен қатар спортшыларымыз шорт-тректен – 9, конькимен жүгіруден 12 лицензия жеңіп алды. Команданың түпкілікті құрамы спортшылардың халықаралық жарыстардағы нәтижелеріне қарай қалыптастырылады. Олимпиа-

да квоталарының нақты саны 2026 жылғы қаңтардың соңында белгілі болады. Кешенді жоспарды іске асыру аясында министрлік республикалық спорт федерацияларымен және өңірдегі әкімдіктерімен бірлесіп жаттығу үдерісін қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізді. Атап айтқанда, қысқы спорт түрлері бойынша ұлттық құрамалар 178 оқу-жаттығу жиынын өткізіп, 125 халықаралық жарысқа қатысты, — делінген ведомствоның хабарламасында.

Бұдан басқа министрліктің хабарлауынша, спортшылар медициналық-психологиялық қолдау, қаржылық қолдау, қажетті спорттық құрал-жабдықтар, тамақтану және білікті жаттықтырушылармен жұмыс жасау қарастырылған. Жаттықтырушылар құрамына әлем чемпионаттары мен Олимпиадада тәжірибесі бар жоғары деңгейдегі мамандар тартылған. Атап айтқанда, Германия, Нидерланд, Испания, Словения, Польша, Ресей және Беларусь елдерінен мәнерлеп сырғанау, конькимен жүгіру, шаңғы жарысы, шорт-трек және биатлон бойынша 13 шетелдік ТОП-деңгейдегі жаттықтырушы-кеңесші спортшыларымыздың сапалы дайындығына жұмылдырылды. Туризм және спорт министрлігі ұлттық құраманың бәсекеге қабілетті даярлығын қамтамасыз ету және отандық спортшылардың төртжылдықтың басты додасында жақсы өнер көрсетуі үшін қажетті жағдайларды жасау бағытындағы жүйелі жұмысын жалғастыруда.

Осыған байланысты жақында Туризм және спорт министрлігінде XXV қысқы Олимпиадаға қатысатын ұлттық құраманың спорттық киім жиынтығы таныстырылды. Жабдықтың техникалық талаптарын келісу, үлгілерін бекіту және жеткізілетін спорттық киімнің сапасын бақылау мақсатында арнайы жұмыс комиссиясы құрылды. Оның құрамына Туризм және спорт министрлігінің, Ұлттық Олимпиада комитетінің, ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ танымал отандық спортшылар кірді. Жұмыс комиссиясы ұлттық құраманың спорттық киімінің эскизін бекітті. Қазіргі уақытта бұл эскиз Халықаралық Олимпиада комитетінде келісу рәсімінен өтіп жатыр. Спорттық киім жиынтығы 22 атаудан тұрады. Оның ішіне Олимпиаданың ашылу және жабылу салтанаттарына арналған салтанатты форма, жарыс кезеңінде пайдаланылатын жылы сырт киімдер, сондай-ақ оқу-жаттығу жиындары мен күнделікті қолдануға арналған жаттығу және күнделікті киімдер кіреді. Сондай-ақ ұлттық құраманың спорттық киімі де-меушілер есебінен сатып алынғанын айта кеткен жөн. Туризм және спорт министрлігі 2026 жылғы қысқы Олимпиадаға дайындық бойынша жоспарлы жұмыстарын жалғастыруда.

Дастан КЕНЖАЛИН



Jana
Bastau

Меншік иесі —
«Bastau Media» ЖШС

Директор —
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ
Бас редактордың орынбасары
Дастан КЕНЖАЛИН

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархабат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📰 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com
🌐 www.janabastau.kz